

**«Тәрбиелеу-білім беру процесінде ойын арқылы оқытуды ұйымдастыру»
мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен әдіскерлеріне арналған
біліктілікті арттыру курсының
білім беру бағдарламасы
(қазақ және орыс тілдерінде)**

1. Жалпы ережелер

«Тәрбиелеу-білім беру процесінде ойын арқылы оқытуды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін табысты іске асыруға ықпал ететін олардың кәсіби-жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған.

Ойын арқылы балаларды оқыту балалар тәжірибесінің барлық аспектілеріне - баланың физикалық белсенділігіне, оның ақыл-ойы мен қиялына, сондай-ақ эмоцияларына әсер етеді. Ойын басқа адамдармен қарым-қатынасты немесе жалғыз жұмыс жасауды қамтуы мүмкін. Қалай болғанда да, ол балаларды өз іс-әрекеттерін басқаруға және өзін-өзі реттеудің белгілі бір дәрежесін көрсетуге шақырады. Осы (және басқа да көптеген себептерге) байланысты, ойын мектепке дейінгі балалар өмірінде жетекші орын алады.

Сондай-ақ, ойынпаздықты дамыту - бұл тәрбиешілер мен балалар арасындағы қарым-қатынастың ерекше формасы ретінде курс мазмұнында қарастырылады. Педагогтің ойын процесіне қатысуын және одан шынайы әсер алуын білдіреді.

Тәрбиешілерге балаларға арналған ойындар классификациясын ұсыну арқылы педагогтердің баланы оқыту процесінде белгілі бір «ойынды» бастауын және қолдауын, сонымен бірге тиімді оқытуды қамтамасыз ету үшін қажетті құрылымды сақтауы қарастырылады. Ойын сипаттамаларын жұмысқа қосу арқылы өзара белсенділікті қолдау қарастырылады.

Барлық өзара іс-әрекетті ойын арқылы ұйымдастырудың маңыздылығы қарастыру аталған курстың өзектілігі болып табылады.

Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 27.08.2022 ж. № 175 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Глоссарий

Ойын – ересек адамның мәжбүрлеуі мен бақылауынан айырылған еркін белсенділік нәтижені емес, эмоциялық жігерді, қызметтен ләззат алуды жүзеге асыратын қызмет.

Педагогтің ойын құзыреттілігі – психологиялық-педагогикалық білімнің, ойын дағдыларының және ойынға жеке көзқарастың жиынтығы.

Еркін ойын – келесі сипаттамаларды қамтитын балалардың іс-әрекеті: еркін таңдалған, жеке басқарылатын және іштей ынталандырылған, ешкіммен арнайы ынталандырылмаған және кез-келген арнайы немесе белгілі бір жоспарланған мақсаттарға арналмаған.

Геймификация – бала қызығушылығын тудыру үшін бала әрекетіне ойын элементтерін енгізу.

Құзыреттілік – кәсіби функцияны сәтті орындауға мүмкіндік беретін қызметке, ынталарға, құндылық бағдарларына және белгілі бір жеке қасиеттерге жеке көзқарасты қамтитын білім мен тәжірибе деңгейі.

Құзырет – бұл белгілі бір салада қызметті тиімді және нәтижелі орындауға мүмкіндік беретін білім, білік, дағды, жеке қасиеттер, қызмет тәжірибесі жүйесінде көрінетін білім нәтижесі.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – мектеп жасына дейінгі балалардың жеке, эмоциялық, әлеуметтік және зияткерлік дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Модуль 1. Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік негіздері	1.1. Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары.
	1.2. ҚР Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы Заңы.
	1.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі аясында мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ойын ұйымдастырудағы кәсіби-тұлғалық құзыреттері.
Модуль 2. Білім беру сапасын арттыруда ойынның мазмұны мен ұйымдастыру әдістерін жетілдіру	2.1. Бала ойынының заманауи түсінігі. Бала әрекеттеріне ойын элементтерін ендіру арқылы бала қызығушылығын арттыру тәсілдері.
	2.2. Балаларды ойын арқылы оқытудың шарттары. Ойынның классификациясы. Мектепке дейінгі ұйымдағы еркін ойын. Еркін ойынды ұйымдастыру әдістері.
	2.3. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық ойындары және оны оқытуда қолдану әдістері (оның ішінде ЕБҚ бар балалар үшін).
	2.4. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған драмалау және сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы оқыту әдістері (оның ішінде ЕБҚ бар балалар үшін).
	2.5. Ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған ережелі ойындар арқылы оқыту әдістері (оның ішінде ЕБҚ бар балалар үшін).
	2.6. Мектепке дейінгі топтың заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы. Педагогтің ойын арқылы оқыту

	технологиясын ұйымдастырудағы рөлі.
	2.7. Ерте жастағы балалардың ойын арқылы оқыту технологиясы және оны талдау әдістері.
	2.8. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы оқыту әдістерін талдау.
Модуль 3. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің цифрлық сауаттылығын дамыту	3.1. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған компьютерлік ойындар мен бағдарламаларды оқыту процесінде қолдану. Мультипликациялық фильмді монтаждауға арналған компьютерлік бағдарламалар.
	3.2. Мультипликациялық фильмді монтаждау технологиясы.
Модуль 4. Вариативтік мазмұн	4.1. Тыңдаушылардың сапалық құрамын және олардың кәсіби сұраныстарын ескере отырып, бағдарлама мазмұнын саралау. Тыңдаушылардың қиындықтары саласындағы мәселелерді талқылау және мәселелерді шешу.
	4.2. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің ойын құзыреттілігін өзін-өзі бағалау.
Қорытынды бақылау	

Педагогтер мен әдіскерлердің біліктілігін арттыру курсының «Тәрбиелеу-білім беру процесінде ойын арқылы оқытуды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасының жаңашылдық дәрежесі халықаралық, ұлттық трендтер мен халықаралық тәжірибе негізінде әзірленуі.

Білім беру бағдарламасында:

- Үлгілік оқу бағдарламасын әзірлеуде Әлемдік (*мультидисциплинарлық, трансциплинарлық, пәнаралық байланыс, балаға бағдарланған оқу мен тәрбие*), Ұлттық (*рухани жаңғыру, тәрбие мен оқудың сапасын қамтамасызету*) трендтер мен халықаралық тәжірибе ескерілген;

- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген курс бағдарламасын іске асыруда мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен әдіскерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалған;

- педагогикалық процесті геймификациялауда мектепке дейінгі мекеменің сапасын қамтамасыз ететін біліктіліктерін арттырушы педагог пен әдіскердің кәсіби біліктері, дағдылары нақтыланған;

- ойын арқылы оқыту технологиясын, оны ұйымдастыру, түрлі ойынды қолдану идеясы, мақсаты мен міндеттері, баланың іс-әрекетін ұйымдастыру формалары мен құралдары, негізгі принциптері мен ерекшеліктері қамтылған;

- курс бағдарламасы жаңа Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда баланы дамуының тұтас кеңістігін құру үшін «педагог-тәрбиеленуші-ата-ана»

(халықаралық тәжірибеге сай) тұжырымдамалық ережелері, негізгі қағидаттары, біріккен іс-әрекет пен әріптестік құру, ойынға байланысты олармен оқу-ағарту жұмыстарын құруды белгіленген.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ойындық құзыреттілік деңгейін арттыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын әрекеті туралы жүйелі түсініктерін қалыптастыру (оның ішінде ЕБҚ бар балалар үшін);
- 2) мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесінде әртүрлі ойын түрлерін қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- 3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру міндеттерін шешу үшін педагогтердің ойын және ІТ-құзыреттілігін дамыту.

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- 1) ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларды ойын арқылы оқытуға жағдайлар жасайды (оның ішінде ЕБҚ бар балалар үшін);
- 2) мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру үдерісінде қолданатын ойын арқылы оқыту технологиясын талдау және қолдану дағдыларын меңгереді;
- 3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру міндеттерін шешу үшін ойын және ІТ-құзыреттіліктерін қолдануға дайындығын көрсетеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 4 модульден тұрады:

- 1) Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері.
- 2) Білім беру сапасын арттыруда ойын арқылы оқыту, дамыту және тәрбиелеудің мазмұны мен әдістерін жетілдіру.
- 3) Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің цифрлық сауаттылығын дамыту
- 4) Вариативтік мазмұн.

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курсы оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес күндізгі, қашықтықтан оқу режимінде ұйымдастырылады, ұзақтығы 72 сағатты құрайды.

Білім беру процесін дәстүрлі режимде ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында теориялық және практикалық жұмыс, жобаны қорғау, қорытынды тестілеу жүргізіледі. Өзіндік жұмыс, тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары үшін тапсырмалар курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

Оқытудың білім беру процесі оқыту мен оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қамтиды: кейс-технология, баскет-әдіс (проблемалық иммитациялау), практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақ, тренинг, мастер-класс, конференция, дөңгелек үстел, жобалық жұмыстың таныстырылымы, рөлдік ойындар, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, эссе, тестілеу, тыңдаушыны өз бетінше оқыту, электрондық интерактивті практикум.

Курс қашықтықтан ұйымдастырылғанда жоспарланған практикалық сабақтар мазмұны тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарын орындаумен алмастырылады.

Тыңдаушыларға өткен материалды оқу және бекіту үшін курс материалдары беріледі.

Курс соңында кері байланыс ретінде тыңдаушылардың жеке құзыреттілігінің қалыптасуын анықтау үшін профессорлық-оқытушылық құрамы игерген білім деңгейін бағалау критерийлері мен өлшемдері ұсынылады. Ол ОӘК құрамына енгізіледі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаны іске асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары мен дидактикалық тәсілдері.

Оқытуды құру принциптері:

- жүйелі оқыту;
- оқытудың интерактивтілігі;
- оқыту мазмұнының мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту саласындағы өзекті мәселелерге сәйкестігі;
- оқу материалдарында мазмұндық динамиканың ескерілуі, бірізділігі;
- курстың тәжірибеге бағдарлануы;
- оқу материалдарының педагогикалық қызметпен байланыстылығы;
- курс мазмұнының тыңдаушыға бағдарлануы.

Бағдарламаны іске асыруда қолданылатын білім беру технологиялары:

- оқытуда проблемалық әдістерді қолдану (проблемалық ситуацияларды шешу, нақты жағдаяттарға бағытталған шығармашылық тапсырмаларды орындау);
- оқытудың әртүрлі формаларының үйлесуі (аудиториялық теориялық және практикалық сабақтар, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесіндегі дуальдық оқыту);
- даму дәрежесінің біліктілігін анықтайтын бағалау материалдарын пайдалану (қорытынды тапсырманың орындалуын бағалау критерийлерін сипаттау үшін айдарды пайдалану);
- оқыту барысында тыңдаушыларды өзара байланысты оқу, әдістемелік және оқытушылық қызметке бағдарлау (шағын топтардағы жұмыс, «ой

талқысы/ миға шабуыл», жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында қорғау, кластерлер, менталды карталар әзірлеу).

Оқытудың әдістемелік құралдары:

1) оқу-әдістемелік материалдар (оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, практикумдар, мерзімді басылымдар, үлестірме материалдар, нормативтік құжаттама және т.б.);

2) оқу процесінде мынадай әдістер қолданылады:

- шағын топтарда жұмыс істеу;
- талқылау;
- ситуациялық есептерді шешу;
- «миға шабуыл»;
- жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында таныстыру;
- шығармашылық тапсырма.

Модуль 1. Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік негіздері

Модульдің өзектілігі

Модуль тыңдаушыларға нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаларымен танысуды ұсынады. ҚР МДТО МЖМС талаптарына сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін және педагогтің кәсіби стандартының талаптары мен аттестаттау рәсімдері аспектісінде педагогтің кәсіби-тұлғалық құзыреттерінің қажетті деңгейін ашады.

Модульдің міндеттері:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қазіргі заманғы жүйесін дамытудың басым бағыттарының мәнін айқындау;
2. Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді қарастыру.

Күтілетін нәтижелер:

Курсты модуль бойынша аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

1. Қазіргі заманғы талаптар мәтінінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың басым бағыттарын айқындайды;
2. Педагогтің кәсіби стандартының талаптары мен аттестаттау рәсімдері аспектісінде педагогтің кәсіби-тұлғалық құзыреттерінің қажетті деңгейін айқындайды.

Модуль 2. Білім беру сапасын арттыруда ойынның мазмұны мен ұйымдастыру әдістерін жетілдіру

Модульдің өзектілігі

Модульдің мазмұны тыңдаушыларды шетелдік және отандық тәжірибе негізінде ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын әрекетін дамыту шарттары туралы түсініктерін кеңейтуге бағыттайды. Модуль шығармашылық және ережелі ойынның негізгі түрлерін игеруге және

тәжірибелік өңдеуге бағытталған. Модуль бағдарламасын игерудің интерактивті режимі жобаланады.

Модульдің міндеттері:

1. Шетелдік және отандық тәжірибе негізінде балалардың ойын әрекеті туралы түсініктерді кеңейту;

2. Педагогтің ойын құзіреттілігін дамыту мақсатын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер

Курсты модуль бойынша аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

1. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісінде ойынның түрлерін қолданады;

2. Педагогикалық міндеттерді шешу үшін оқыту нәтижелерін пайдалануға дайындығын көрсетеді.

Модуль 3. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің цифрлық сауаттылығын дамыту сауаттылығын дамыту

Модульдің өзектілігі

Модуль мектепке дейінгі білім беруде АКТ-технологияларды қолданудың практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Модуль тапсырмалары анимациялық фильм жасау тәжірибесін қалыптастырады.

Модуль міндеттері:

1. мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар туралы түсініктерді кеңейту;

2. мультипликациялық фильм жасау үшін компьютерлік бағдарламаны игеру дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер

Курс соңында модуль бойынша тыңдаушылар:

1. мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін бағалайды.

2. компьютерлік бағдарламаны қолдана отырып, анимациялық фильм жасау дағдыларына ие.

Модуль 4. Вариативтік мазмұн

Модульдің өзектілігі

Модуль тыңдаушының жеке білім беру бағытын құруына жағдай жасайды, оның құрамдас бөлігі оқу сабақтарының кестесі шеңберіндегі оның кәсіби сұраныстары мен еркіндігін қанағаттандыратын вариативтік тақырып болады. Сондай-ақ модуль рефлексиялық-диагностикалық кезеңді де қамтиды.

Модульдің міндеттері:

1. тыңдаушылардың кәсіби қызметіндегі мәселелерді анықтау;

2. білім беру бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Күтілетін нәтижелер

Курсты модуль бойынша аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

1. кәсіби қызметтегі мәселелерді рефлекстейді;

2. білім беру бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін бағалайды.

Оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	Теориялық сабақтар	Тәжірибелік сабақтар	Жобаны қорғау	Тестілеу	Барлығы
1	1-модуль. Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік негізі	8	8			16
1.1	Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары	4	4			8
1.2	Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби-тұлғалық құзыреттері кәсіби стандарт талаптары және аттестаттау рәсімдері аясында	4	4			8
2	2-модуль. Білім беру сапасын арттыруда ойынның мазмұны мен ұйымдастыру әдістерін жетілдіру	16	24			40
2.1	Бала ойынының заманауи түсінігі. Білім беруді геймификациялау	2	3			2
2.2	Балаларды ойын арқылы оқытудың шарттары. Еркін ойын	2	3			6
2.3	Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық ойындары және оны оқытуда қолдану (оның ішінде ЕБҚ бар балалар үшін)	2	3			8
2.4	Ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған драмалау және сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы оқыту (оның ішінде ЕБҚ бар балалар үшін)	2	3			8
2.5	Ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған ережелі ойындар арқылы оқыту (оның ішінде ЕБҚ бар балалар үшін)	2	3			8
2.6	Мектепке дейінгі топтың заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы. Педагогтің ойынды ұйымдастырудағы рөлі	2	3			8

2.7	Ерте жастағы балаларды ойын арқылы оқыту технологиясын талдау	2	3			8
2.8	Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін талдау	2	3			8
3	3-модуль. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің цифрлық сауаттылығын дамыту	4	6			10
3.1	Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған компьютерлік ойындар мен бағдарламаларды оқыту процесінде қолдану. Мультипликациялық фильмді монтаждауға арналған компьютерлік бағдарламалар	2	3			5
3.2	Мультипликациялық фильмді жасау технологиясы	2	3			5
4	4-модуль. Вариативтік мазмұн	2				2
4.1	Тыңдаушылардың сапалық құрамын және олардың кәсіби сұраныстарын ескере отырып, бағдарлама мазмұнын саралау. Тыңдаушылардың қиындықтары саласындағы мәселелерді талқылау және мәселелерді шешу	1				1
4.2	Мектепке дейінгі ұйым педагогінің ойын құзыреттілігін өзін-өзі бағалау	1				1
5	Қорытынды бақылау			3	1	4
5.1	Тестілеу				1	1
5.2	Жобаны қорғау			3		3
	Барлығы:	30	38	3	1	72

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

Бағдарлама бойынша қорытынды сертификаттау жобаны қорғау, өздік жұмыс, тестілеу түрінде жүзеге асырылады.

Өздік жұмыс

Өздік жұмыс барысында тыңдаушылар ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын әрекеттерін жоспарлауды, ұйымдастыруды және талдауды көздейтін жеке тапсырманы орындайды.

Өздік жұмысты бағалау критерийлері

Өздік жұмыс үшін келесі критерийлер бөліп көрсетіледі:

- 1) жүзеге асырылмады – 0 балл;
- 2) ішінара жүзеге асырылды – 1 балл,
- 3) толық жүзеге асырылды – 2 балл.

Ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын әрекетін талдаудың диагностикалық құралдарын игеру деңгейін анықтау үшін келесі өлшемшарттар қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын игеру;
- 2) балалардың ойын әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізу алгоритмін тәжірибелік қолдану;
- 3) балалардың ойын іс-әрекетінің көрсеткіштері, критерийлері, индикаторлары жүйесіне ие болу;
- 4) балалардың ойын әрекеттерін талдау;
- 5) қорытынды жасай білу.

Өздік жұмысты орындау бойынша тыңдаушылардың білімін бағалау балдарды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 9-10 балл (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 7-8 балл (75-84%);
- 3) «Қанағаттанарлық»: 5-6 балл (50-74%).

Жобаның құрылымы

Бір жобалық тақырыпта 4-5 тыңдаушыдан тұратын топ жұмыс істейді. Әр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) Негізгі бет (ұйымның атауы, әзірлеушінің(лердің) Т.А.Ә., жыл, қала көрсетіледі).

2) Мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігіне негіздеме, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, негізгі мәселенің тұжырымы мен қысқаша сипаттамасы беріледі).

4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе ашылады, дереккөздер мен қолда бар тиімді тәжірибенің материалдарында жобалық идея жазылады, жобаны іске асырудың іс-әрекеттері (кезеңдері) жоспарланады, жобаны және оның болашақ дамытушы, оқыту, қалыптастырушы әсерін бағалау критерийлері, көрсеткіштері, индикаторлары айқындалады.

5) Қорытынды (жобаның тәуекелдері жазылады, жалпылама тұжырымдар жасалады немесе зерттеу нәтижелерін нақты пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстар беріледі).

6) Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

7) Қосымшалар (қажет болған жағдайда).

8) Слайд түріндегі презентация.

Жобаны бағалау критерийлері:

- 1) Жобаның негіздемесі
- 2) Жобалау идеясының креативтілігі
- 3) Жобаны іске асыру жоспары
- 4) Алған білімді көрсету

5) Әлеуетті нәтижелілік

Жобаның бағалау парағы

	Критерийлер	Балдар	Пікірлер
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау		
2	Қойылған мәселелердің, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану, жаңашылдық		
4	Жобаны іске асыру кезеңдерінің құрылымы, қисындылық, дәйектілік, толықтық		
5	Педагогикалық мәселелерді шешу үшін ойындарды қолданудың орындылығы		
6	Жобаны іске асыру перспективасы Нәтижелерді тарату		
	Балл саны		

Жобалық жұмыстың презентациясын бағалау үшін келесі критерийлер бөліп көрсетіледі:

0 балл – жүзеге асырылмады;

1 балл – ішінара жүзеге асырылды;

2 балла – толық жүзеге асырылды.

Жоба бойынша ең жоғарғы балл саны - 12 балл.

Жұмыс үшін балл сомасын дәстүрлі бағалау нормаларына келесі сызба бойынша аударуды жүзеге асыруды ұсынамыз:

«5» бағасы (өте жақсы) 11-12 балл жиынтығына қойылады.

«4» бағасы (жақсы) 8-10 балл жиынтығына сәйкес келеді.

«3» бағасы (қанағаттанарлық) 6-7 балл жиынтығына сәйкес келеді.

Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1	1-модуль. Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік негіздері	16	10
2	2-модуль. Білім беру сапасын арттыруда ойынның мазмұны мен ұйымдастыру әдістерін жетілдіру	40	20
3	3-модуль. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің цифрлық сауаттылығын дамыту	10	10
	БАРЛЫҒЫ	1	40

Балдарды бағаларға ауыстыру шкаласы

баға	орындау % шегі	балдар
5	90%-100%	29-35
4	75-89%	23-28
3	50-74%	15-22
2	50%-дан төмен	20 балдан төмен

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Біліктілікті арттыру процесінде алған білімдер мен дағдыларды педагогикалық тәжірибеде қолдану педагогтер мен әдіскерлерге әдістемелік қолдауды қажет етеді.

Педагогтер мен әдіскерлердің педагогикалық жұмысын курстан кейінгі қолдауды қажет етеді. Осы бағытта курстан өткеннен кейінгі кезеңде әдістемелік, кеңес беру арқылы қолдау тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі болып табылады. Тыңдаушылардың іс-әрекетін қолдау оның өзін-өзі дамытуға ұмтылысына ықпал етеді.

Курстан кейінгі қолдаудың формалары мен тәсілдері:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қатысты барлық өзгерістер туралы педагогтер мен әдіскерлерді әдістемелік қамтамасыз ету және уақытылы хабардар ету үшін байланыс көздері:

1.1 әртүрлі байланыс құралдары: электрондық пошта, әлеуметтік медиа мессенджерлері (Facebook, WhatsApp), Google қызметтері (Duo, Hangouts);

1.2. аймақтардағы мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің желілік әдістемелік бірлестігі.

2. Курстан кейінгі қолдауды ресурстық қамтамасыз ету үшін:

1.1. курс пәні бойынша электронды материалдар (оқу-әдістемелік құралдар, анықтамалық материалдар, интернет көздеріне сілтемелер, *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ <http://irrd.kz> сайты*).

3. Біліктілікті арттыру траекториясын жүзеге асыру үшін:

3.1. педагогикалық кейс құру;

3.2. педагогтердің *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты»* ұйымдастыратын республикалық конкурстарға қатысуы (ұсынылған конкурс Ережелері *Институттың <http://irrd.kz> сайтында орналастырылған*):

1) Наурыз-Мейрам мерекесіне арналған «Шымырлық пен шеберлік күні»;

2) Халықаралық әйелдер күніне арналған «Анам, әжем және мен» отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу конкурсы;

3) Республикалық «Мен зерттеушімін» балалар байқауы;

4) Республикалық «Өнерлі бала» балалар шығармашылығы байқауы;

- 5) Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған «Ана тілім – айбыным» шығармашылық байқауы;
- 6) Республика күніне арналған «Ән шырқайық бәріміз» патриоттық ән байқауы;
- 7) «Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру кезіндегі фото, бейнероликтер байқауы;
- 8) Кітап бұрышын ұйымдастыруға арналған «Балаларға базарлық» байқауы;
- 9) «Әкем – асқар тауым»

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (24.11.2021ж. өзгерістер мен толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы (03.05.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 бұйрығы);
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 03.08.2022ж. №348 бұйрығы);
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР ОАМ 09.09.2022ж. №394 бұйрығы);
6. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары (ҚР ОАМ 07.06.2022ж. №265 бұйрығы);
7. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары (ҚР ОАМ 27.08.2022ж. №381 бұйрығы);
8. Тәрбиешілердің міндетті құжаттардың тізбесі (ҚР ОАМ №382 бұйрығы 27.08.2022ж);
9. Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (ҚР БҒМ №292 бұйрығы 23.06.2022ж);
10. Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ №385 бұйрығы 31.08.2022ж);
11. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.08.2022 ж. №157// бұйрығы);
12. Мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингі бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2018. – 115-б.;

13. Мектеп жасына дейінгі баланың өміріндегі ойын/Н.В.Нищева. – М.: Балалық шақ Пресс, 2020 – 240-б.;

14. Кравцов Г.Г., Кравцова Е.Е. Ойын психологиясы (мәдени-тарихи тәсіл). – М., 2017. – 331-б.;

15. Смирнова Е.О. Ойын психологиясы және педагогикасы: академиялық бакалавриатқа арналған оқулық және практикум/Е. О. Смирнова, И. А. Рябкова. — Мәскеу: Юрайт баспасы, 2019. — 223-б.;

16. Мектепке дейінгі білім берудің заманауи технологиялары/Андрианова Е., Богомоллова М., Гришина А., Дормидонтова Л. және т.б. – М.: ИНФРА-РЭО, 2021 – 251-б.;

17. Заманауи балабақша. Ол қандай болуы керек/О.А.Шиян ред. – М.: Мозаика-Синтез, 2019 – 312-б.

Қосымша әдебиет:

1. «Reggio Emilia» Орта және қатынастар философиясы. Электрондық қолжетімділік: <https://krugovaya.blogspot.com/2018/12/reggio-emilia.html>;

2. ECERS-3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы білім сапасын кешенді бағалауға арналған шкалалар: қайта өңделген басылым/Тельма Хармс, Ричард М. Клиффорд, Дебби Крайер – М.: «Ұлттық Білім» баспасы, 2019. – 112-б.;

3. Абдуллаева Е.А., Алиева Д. А. Директивалық емес сүйемелдеу жағдайында мектепке дейінгі жастағы балалардың еркін ойынын дамыту//Қазіргі мектепке дейінгі білім беру. – 2020. – №6 (102). – 32-46-б.;

4. Белобрыкина О.А. Бала ойыннан тыс: қазіргі балалық шақтағы ойын әрекеттерін өзгерту//Қазіргі мектепке дейінгі білім беру. – 2021. – №3 (105). – 24-32-б.;

5. Мектепке дейінгі жастағы балалар мен бастауыш сынып оқушыларына білім берудегі ойын технологиялары. Әдістемелік құрал. ФГОС. – М.: Кнорус, 2018ж. – 112-б.;

6. Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жобалау / құраст. Ибрагимова Г. К. - Қарағанды, 2019 – 32-б.;

7. Сингер Э., де Хаан Д. Ойнау, таңдану, тану. Балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту теориясы – М.: МОЗАИКА-СИНТЕЗ, 2019. – 312-б.